

2025-2026 оқу жылының 1 тоқсанында атқарылған жұмыс туралы есеп

2025 жылғы 22 тамыз күні облыс педагог-психологтарына арналған тамыз конференциясы аясында әдіскерлер мен педагог-психологтар қауымдастықтарының жетекшілері үшін секциялық отырыс өтті. Отырыс «Білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу: Lightning Talks форматындағы мәселелері мен даму перспективалары» тақырыбында ұйымдастырылды.

Астрахан ауданынан «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің әдіскері Садвокасова Карлыгаш Маратовна, «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Зеленое ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педагог-психологы Масюк Наталья Владимировна, «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әлеуметтік педагогы Нурдиллаева Мадина Габибулловна, «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Жалтыр ауылының «Алтын Дән» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының педагог-психологы Суюндыкова Майра Махметовна қатысты.

Секциялық отырыс педагог-психологтардың білім беру ұйымдарындағы қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарға шолу жасаудан басталды.

Одан кейін «Мектеп климатын бағалау индикаторлары бойынша психологиялық тұрғыдан қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру стратегиялары» тақырыбында коуч-сессия өтті. Бұл коуч – сессияны Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің тренерлері – Г.М.Ракишева, М.Б.Жантемирова, Д.А.Доскенова, Д.С.Какабаева жүргізді.

Психологиялық қолдау орталығының әдістемелік жұмыс бөлімі әдіскері Жұмабаева Ырысты Серікпаевна өз баяндамасында білім беру ұйымдарындағы әлеуметтік педагогтің қызметін нормативтік-құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету мәселелеріне тоқталды.

Степногорск қаласындағы №7 орта мектептің әлеуметтік педагогі Исаева Римма Сергеевна «Әлеуметтік педагогтің кәсіби күйзелісі және ресурстары» тақырыбында мазмұнды баяндама жасап, мамандардың эмоционалдық әл-ауқаты мен ресурстық қолдаудың маңыздылығын атап өтті.

Зеренді ауданына қарасты Ортагаш ауылының әлеуметтік педагогі Сұлтанова Альмира Ғалымқызы ішкі бақылауда тұрған оқушылармен жүргізілетін профилактикалық жұмыстың тиімді әдістерімен бөлісті.

Көкшетау қаласындағы Құрылыс-технологиялық колледжінің әлеуметтік педагогі Хрипко Евгения Мурадовна «Оқшаулаудан достыққа: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқу үдерісіне бейімдеу жолдары» атты тақырыпта өз тәжірибесін ұсынды.

Ақмола облысы білім басқармасының Психологиялық қолдау орталығының әлеуметтік педагогі Шарипова Сандугаш Умерзаковна «Әлеуметтік педагог пен

отбасының өзара тиімді әрекеттесу стратегиялары: табысты ынтымақтастықтың кілттері» тақырыбында практикум өткізіп, нақты әдістермен бөлісті.

Астрахан ауданы жалпы білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруді дамыту мақсатында **2025 жылдың 26 тамызда** «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Жалтыр ауылының № 2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің базасында инклюзивті қолдау кабинетінің ашылу салтанаты өтті.

Аталған іс-шараға Ақмола облысында инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің төрағасы – Ибраев Марат Умербаевич; Астрахан ауданының әкімі – Ерсейітов Талғат Аманбайұлы.

Ресурстық кабинет – бұл мектептегі қосымша үй-жай, онда оқушылар негізгі оқу үдерісінен шықпай-ақ өздерінің ерекше жалпы білім беру қажеттіліктеріне сәйкес көмек алады. Оның жұмыс істеуі жеке бағдарламалар негізінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды бейімдеу, оқыту және бұзушылықтарды түзету үшін арнайы жағдайлар жасауды көздейді. Заманауи және жабдықталған инклюзия кабинеті ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуге ықпал ететін болады.

Педагог-психологтар, логопед-мұғалімдер, әлеуметтік педагогтар, педагог-ассистенттер жұмыс істейтін кабинеттердің миссиясы – ақпараттық және коммуникативтік кедергілерді жою, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды мектеп өміріне батыру үшін қолайлы жағдайлар жасау.

2025 жылғы 26 тамызда Ақмола облысы инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің төрағасы Ибраев Марат Өмірбайұлы мен білім бөлімі басшысы Барахоева Полина Юнусовна төрағалығымен аудандық білім бөлімі кеңесінің отырысы өтті.

Отырысқа білім беру ұйымдарының басшылары, бас мамандар мен әдіскерлер қатысты.

Отырыс барысында мынадай мәселелер қаралды:

- Мектептердің 2025-2026 жаңа оқу жылына дайындығы;
- Жаңа тамақтану стандартының енгізілуі және негізгі ережелері;
- Білім беру ұйымдарын педагог кадрлармен қамтамасыз ету және педагог қызметкерлерді аттестаттау;
- Мектептердің 2025-2026 оқу жылына арналған жылыту маусымына дайындығы.

Талқылау қорытындысы бойынша білім беру ұйымдарының басшыларына тиісті тапсырмалар берілді, сондай-ақ мектептердің жаңа оқу жылына және жылыту маусымына дайын болуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар айқындалды. Ерекше назар кадрлық қамтамасыз ету және оқушыларды сапалы тамақтандыру мәселелеріне аударылды.

2025 жылдың тамыздың 27-28 күндері аралығында Астрахан ауданының Новочеркасс, Өндіріс, Жаңа Колутон, Ковыленка, Қаракөл ауылдарының мектептерінде жаңа оқу жылының басталуына арналған педагогикалық кеңестер өтті.

Кеңес барысында қаралған мәселелер:

1. Мемлекеттік білім беру саясатының негізгі бағыттары мен жаңа нормативтік өзгерістер.

2. Жаңа оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының басым бағыттары.

3. Мектептің жылдық жұмыс жоспарын бекіту.

4. Ұйымдық-шаруашылық қызметі және қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету мәселелері.

Ерекше назар «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасын іске асыруға, оқу үдерісіне жасанды интеллектіні кіріктіруге және педагог мәртебесін арттыруға арналды.

Қорытындысында, педагогикалық кеңес барысында талқыланған мәселелер бойынша шешімдер қабылданып, мектептің 2025-2026 оқу жылындағы бүкіл қызметіне бағыт-бағдар берілді. Кеңес ұстаздар қауымына тың серпін беріп, жаңа оқу жылын жоғары жауапкершілікпен бастауға жігерлендірді.

2025 жылдың 29 тамызында педагог-психологтарының және әлеуметтік педагогтердің қатысуымен Тамыз кеңесінің секциялық отырысы өтті.

Секциялық отырыстың мақсаты – жаңа 2025-2026 оқу жылындағы негізгі міндеттерді айқындау, білім алушылардың психологиялық және әлеуметтік қолдау жүйесін жетілдіру, заманауи әдіс-тәсілдерді енгізу жолдарын қарастыру болды.

Отырыста келесі мәселелер талқыланды:

- оқушылардың психологиялық денсаулығын нығайту және қолдау бағытындағы жұмыс жүйесін ұйымдастыру;

- буллингтің, девиантты мінез-құлықтың алдын алу шаралары;

- инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету ерекшеліктері;

- мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту;

- әлеуметтік-педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру жолдары.

Секция жұмысына ауданның барлық білім беру ұйымдарынан педагог-психологтар мен әлеуметтік педагогтер қатысып, тәжірибелерімен бөлісті. Қатысушылар психологиялық қызметтің өзекті мәселелеріне байланысты ой-пікірлерін ортаға салып, ұсыныстар енгізді.

Қорытындысында мынадай шешімдер қабылданды:

- 2025-2026 оқу жылында білім алушылардың психологиялық саулығын басты назарда ұстау;

- Әлеуметтік-педагогикалық қызметтің жүйелілігін арттырып, әрбір балаға жеке қолдау көрсету тетіктерін жетілдіру;

- Мектеп психологтары мен әлеуметтік педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында әдістемелік семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру;

- Ата-аналармен өзара әрекеттестікті күшейтіп, тәрбиелеу процесіндегі бірлескен жұмысты дамыту.

Секциялық отырыс конструктивті талқылаулармен, пікір алмасулармен өтті.

2025 жылғы 29 тамызда Тамыз конференциясы аясында бастауыш сынып мұғалімдерінің, мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиешілерінің, шағын орталық және мектепалды даярлық сынып педагогтерінің секциялық отырыстары өтті.

Секциялық отырыстардың мақсаты – 2025-2026 оқу жылына арналған негізгі бағыттарды айқындау, өзекті міндеттерді талқылау, жаңартылған бағдарламалар мен әдістемелерді енгізу, білім беру мен тәрбиенің сапасын арттыру жолдарын қарастыру.

1. Бастауыш сынып мұғалімдерінің секциясы

Көтерілген мәселелер:

- жаңартылған білім беру бағдарламалары мен әдістемелік ұсынымдарды жүзеге асыру;
- оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру;
- белсенді оқыту әдістері мен цифрлық технологияларды қолдану;
- оқушылардың сыныптан тыс шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту;
- дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жүйелеу.

Қабылданған шешімдер:

- 2025-2026 оқу жылында оқушылардың оқу және математикалық сауаттылығын дамытуға басымдық беру;
- саралап оқыту тәсілдерін жетілдіру;
- білім беру процесінде заманауи цифрлық ресурстарды кеңінен қолдану.

2. Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиешілерінің секциясы

Талқыланған мәселелер:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарттарын іске асыру;
- балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету;
- денсаулық сақтау технологияларын пайдалану;
- дамытушы пәндік-кеңістіктік ортаны құру;
- ата-аналармен бірлескен жұмыс.

Қабылданған шешімдер:

- мектепке дейінгі жастағы балаларды дамытуға кешенді көзқарас қалыптастыру;
- ата-аналарды тәрбиелеу процесіне жүйелі түрде тарту;
- ойын және арт-терапия технологияларын кеңінен қолдану.

3. Шағын орталық педагогтерінің секциясы

Қаралған мәселелер:

- шағын жинақты топ жағдайында білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері;
- бейімделген бағдарламалар мен әдістемелерді қолдану;
- әр балаға жеке тұрғыдан қарау;
- балалардың қауіпсіздігі мен жайлы жағдайын қамтамасыз ету.

Қабылданған шешімдер:

- білім беру процесінде жекешелендірілген тәсілдерді күшейту;
- балалардың сөйлеу, танымдық және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөлу;
- ата-аналармен өзара байланысты нығайту.

4. Мектепалды даярлық сынып педагогтерінің секциясы

Талқыланған мәселелер:

- балаларды мектепке дайындау;
- оқу мотивациясын қалыптастыру;
- сөйлеу дағдыларын және математикалық түсініктерін дамыту;
- өзін-өзі күту және тәртіп дағдыларын қалыптастыру;
- мектепалды даярлық пен бастауыш білім беру арасындағы сабақтастық.

Қабылданған шешімдер:

- балаларды мектепке жүйелі даярлауды ұйымдастыру;
- табысты оқуға қажетті танымдық процестерді дамыту;
- сабақтастықты қамтамасыз ету үшін бастауыш сынып мұғалімдерімен тығыз байланыс орнату.

Қорытынды:

Секциялық отырыстар конструктивті жағдайда өтті. Педагогтер өзекті мәселелерді талқылап, тәжірибе алмасты және жаңа оқу жылына арналған басым бағыттарды белгіледі.

2025 жылдың 15 қыркүйек күні «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі педагог-психологтардың психологиялық-педагогикалық қолдау қызметіндегі (ППҚК) қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді түсіндіру, психодиагностикалық әдістемелер жинақтарымен танысу және құжаттаманы жүргізу мәселелері бойынша вебинар өткізді.

Кездесу барысында қатысушылар:

- психодиагностикалық әдістемелер жинақтарын талқылады;
- педагог-психологтың құжаттарын рәсімдеу және жүргізу тәртібімен танысты.

Іс-шара мазмұнды әрі нәтижелі өтті. Қатысушылар тәжірибе алмасып, практикалық ұсыныстар мен пайдалы материалдар алды.

Астрахан ауданының жалпы білім беретін мектептерінің бастауыш сынып мұғалімдері арасында «Үздік бастауыш сынып мұғалімі» аудандық (сырттай) байқауы **2025 жылғы 6 қазанда** өтті.

Байқау жеңімпаздары анықталды:

I орын – Камитова Анара Жакслыковна, «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі;

II орын – Кабдулина Жанар Серикбаевна, «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Каменка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі;

III орын – Хохлунова Наталья Николаевна, «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Новочеркасс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі;

III орын – Найманбаева Айнагуль Айтпайевна, «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Жалтыр ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі.

«Үздік бастауыш сынып мұғалімі» аудандық байқауының шешімі бойынша I орынға ие болған Камитова Анара Жакслыковна, «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» КММ-нің бастауыш сынып мұғалімін облыстық байқауға жіберілді.

2025 жылғы 13 қазаннан бастап 24 қазанға дейін Астрахан ауданының білім беру ұйымдарында «Бастауыш сыныптардағы инновациялық технологиялар» атты бастауыш сынып мұғалімдерінің онкүндігі өтуде.

Онкүндік аясында ашық сабақтар, шеберлік сыныптары, шығармашылық алаңдар мен тәжірибе алмасу кездесулері ұйымдастырылуда. Мұғалімдер өздерінің

тиімді әдіс-тәсілдерімен, инновациялық оқыту технологияларын қолдану тәжірибелерімен бөлісуде.

Онкүндіктің мақсаты — педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, тәжірибе алмасу алаңын құру және оқыту мен тәрбиелеу үдерісіне заманауи тәсілдерді енгізу.

Онкүндік бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық әлеуетін дамытуға және білім сапасын арттыруға бағытталған.

2025 жылғы 15 қазанда Бұланды ауданында «Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі жүйесінде кәмелетке толмағандардың аутодеструктивті мінез-құлқының алдын алу» тақырыбында облыстық семинар өтті.

Семинардың мақсаты – балалар мен жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықты ерте анықтау, сүйемелдеу және алдын алу саласындағы мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыру болды.

Іс-шараға төмендегі қызметкерлер қатысты:

- «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің әдіскері Садвокасова Карлыгаш Маратовна;

- «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Зеленое ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педагог-психологы Масюк Наталья Владимировна;

- «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Старый Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педагог-психологы Кишкентаева Динара Омерзаковна;

- «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Ковыленка ауылының негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің педагог-психологы Айтқожина Зарема Сабитовна.

Семинар аясында Бұланды ауданының педагог-психологтары тәжірибелік жұмыс бағыттары бойынша шеберлік сыныптарын, коуч-сессиялар мен тренингтер өткізіп, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу және сүйемелдеу қызметі мамандарының кәсіби дағдыларын дамытуға баса назар аударды.

Облыстық семинар жоғары деңгейде, жылы әрі конструктивті атмосферада өтті. Қатысушылар тақырыпқа үлкен қызығушылық танытып, белсенді түрде тәжірибе алмасып, сұрақтар қойды.

Іс-шара кәсіби қарым-қатынас пен пікір алмасуға тамаша алаң болды. Көзделген барлық мақсаттар сәтті жүзеге асты.

2025 жылғы 17 қазан күні «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының «№13 «ЭКОС» мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бастауыш сынып мұғалімдерінің арасында «Үздік бастауыш сынып мұғалімі» облыстық байқауының облыстық ІІ кезеңіне «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш сынып мұғалімі Камитова Анара Жақсылыковна педагогикалық шеберлігін, шығармашылық әлеуетін және кәсіби құзыреттілігін көрсетті.

Сараптау комиссиясы байқау қорытындысын саралай келе, жеңімпаздарды анықтады.

I орын – Камитова Анара Жакслыковна, Астрахан ауданы, Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясы.

2025 жылғы 23 қазан күні Астрахан ауылының №1 мектеп-гимназиясында «Үздік психолог» аудандық байқауы өтті.

Аудан мектептерінің педагог-психологтары өздерінің кәсіби шеберлігін, шығармашылығын және мамандығына деген сүйіспеншілігін көрсетті.

1 орын – Секенова Регина Оразовна, «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Петровка ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ;

2 орын – Исмагулова Альсия Конаевна, «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Жалтыр ауылының №2 жалпы білім беретін мектебі» КММ;

2 орын – Исакова Айнагүл Есенгельдиевна, «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Старый Колутон ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ;

3 орын – Гузева Екатерина Петровна, «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Жаңа Колутон ауылының жалпы білім беретін мектебі» КММ;

3 орын – Смагулова Гүлнара Төкешевна, «Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі Оксановка ауылының негізгі орта мектебі» КММ.

Облыстық кезеңге 1-орын иегері Секенова Регина Оразовна жолдама алды.

2025 жылдың 24 қазан күні Астрахан ауданында мектепке дейінгі білім беру жүйесінің дамуындағы маңызды кезеңге арналған семинар-кеңес өтті.

Кездесудің мақсаты — ваучерлік қаржыландырудың жаңа алгоритмін түсіндіру, тәжірибе алмасу және жаңа модельді енгізудің тиімді жолдарын талқылау.

Іс-шара барысында жаңа қаржыландыру жүйесінің тиімділігі, ата-аналар үшін таңдау еркіндігі және балабақшалардың сапаны арттыруға бағытталған ынталандыру тетіктері талқыланды.

Спикерлер:

• Майбах Андрей Эдвардович — мектепке дейінгі тәрбие мәселелері жөніндегі маман;

• Қадыров Багдат Атығаевич — Білім берудегі жаңа технологиялар өңірлік орталығының директоры;

• Досмағамбетов Абай Маратович — Akmola.kz ақпараттық жүйесінің кураторы.

Семинар қатысушылары өзекті сұрақтар қойып, тәжірибе алмасты және жаңа жүйені тиімді енгізу жолдарын бірлесіп талқылады.

2025 жылдың 30 қазан күні Психологиялық қолдау орталығының мамандары Астрахан ауданы бойынша білім бөлімінің әдіскері Садвокасова Карлыгаш Маратовна және ауданның педагог-психологтерімен бірлесіп вебинар сессиясын өткізді.

Кездесу барысында педагогтердің кәсіби дағдыларын жетілдіру, психологиялық қолдауды тиімді ұйымдастыру және тәжірибе алмасу мәселелері талқыланды.

«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы және «Зерделі» ақыл-ой дамыту орталығымен бірлесе отырып, **2025 жылдың 31 қазан күні** «Астрахан ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Алтын тұғыр» олимпиадасы өтті.

Байқауға 89 мұғалім қатысып, өздерінің кәсіби шеберліктерін көрсетті!

Нәтижесінде:

1-орын – 8 мұғалім;

2-орын – 15 мұғалім;

3-орын – 19 мұғалім;

Алғыс хат – 9 мұғалім;

Сертификат – 38 мұғалім.

1-орын иеленген бастауыш сынып мұғалімдері облыстық кезеңге жолдама алды!

Астрахан ауданының білім бөлімі бекіткен жоспарға сәйкес, **2025 жылғы 1 қазан мен 1 қараша аралығында** ауданның барлық білім беру ұйымдарында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған айлық өткізілді.

Мақсаты:

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтенуіне, оқуы мен дамуына жағдай жасау, сондай-ақ мектеп қауымдастығында оларға деген толерантты қарым-қатынасты қалыптастыру.

Негізгі бағыттар:

- инклюзивті білім беру тақырыбында сынып сағаттары мен әңгімелер өткізу;
- *«Бәріміз біргеміз!»* ұранымен спорттық және шығармашылық шаралар өткізу;
- балалардың сурет, қолөнер және фото көрмелерін ұйымдастыру;
- *«Жүрегім толы мейірім»*, *«Қайырымдылық керуені»* атты ізгілік акцияларын өткізу;
- әлеуметтік желілер мен мектеп сайттарында ақпараттық материалдар жариялау.

Нәтижелері:

Айлыққа ауданның барлық білім беру ұйымдары қатысты. Барлығы 120-дан астам іс-шара өткізілді, 1500-ге жуық оқушы қамтылды

Педагогикалық ұжымдар, ата-аналар және еріктілер белсенді қатысып, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдауға өз үлестерін қосты.

Мектептерде инклюзивті білім берудің қағидаттары туралы түсінік артып, мейірімді және қолайлы орта қалыптасты.

Өткізілген айлық аясында ата-аналар, педагогтар және мамандар арасындағы өзара іс-қимыл нығайып, балалардың бойында мейірімділік, жанашырлық және өзара көмек көрсету құндылықтары дамыды.

Білім бөлімінің әдіскері Садвокасова Карлыгаш Маратовна